

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 мамырдағы N 591 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 7 тамыздағы N 981

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 мамырдағы N 591 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 21, 182-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

1-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын;

3-тармақтың күші жойылған деп танылсын;

4-тармақтағы "Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері" деген сөздер алынып тасталсын.

Аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 1996-1998 жылдарға арналған жалпыға бірдей құқықтық оқудың кешенді бағдарламасындағы:

28 рет нөмірі алынып тасталсын;

29 рет нөмірінің 2 бағанындағы "министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар және олардың аумақтық органдары аппараттарының лауазымды тұлғалары мен мамандарын, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдерін" деген сөздер алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі